

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

*Тәттібек Н.М.¹

С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ аға оқытушысы

Гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Алматы, Қазақстан, nurgul_t@mail.ru

Андатпа. Мақалада тарихи сана қалыптастырудың маңызы мен мәні, жастарды отансүйгіштіке, ұлтжандылыққа тәрбиелеудегі тарихи танымның әсері талданған. Қазақстан тарихының тереңдей зерттелуі, жас ұрпақтың санасына жаңаша тарихи сана қалыптастыру қажет, ұрпақтардың мәдени сабақтастығы мен ұлттық азаматтың бірегейлігінің негізі болып табылады. Әлемдік тарих ғылымына батысеуропалық ғалымдар мен теоретиктердің қосқан үлесі өте зор. Олардың теориялары отандық тарихтың дамуына өте керемет әсер берді, отандық тарих пен ұлы тұлғалар туралы біршама кітаптар мен кино туындалары жарық көрді. Қазақ тілді тарихи әдебиеттерді студенттерге қолжетімді әрі түсінікті етіп жазу арқылы тарихтың негізгі түсініктерін өскелең ұрпақ бойына сіңіру мәселелері зерделенген.

Мақалада сонымен қатар еліміздің мектептерінде Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихын оқып-үйренудің мемлекеттік маңызы айтарлықтай көрсетілген, осы пәндер мен факультативтер, клуб жұмысы арқылы Қазақстан Республикасының жас азаматтарына патриоттық тәрбие беру, түсіндіру және «Рухани Жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының саясатын насихаттау Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қазақстан тәуелсіздігін алған 30 жыл көлемінде ұлттық жаңғыру жолын басты мұрат ретінде таңдап алғандығы айтылған.

Түйін сөздер: жастар саясаты, дуниетаным, тарихи сана, тарихи эрудиция, ұлтжандылық, отансүйгіштік, қазақ тілі.

Негізгі ережелер

XX ғасырдың 90 жылдарында басталған өзгерістер қоғамның барлық саласын қамтып, жаңа саяси құрылымдарды дүниеге әкелді. Әсіресе мемлекеттік басқарудағы, саяси жүйедегі трансформация, партиялық және сайлау жүйелеріндегі, ақпараттық кеңістіктегі ілгерілеулер, Конституцияның қабылдануы сияқты саяси үдерістерді назардан тыс қалдыру мүмкін емес. Сонымен, саяси жаңару президенттік институт, кәсіби парламент, көппартиялық, үкіметтік емес ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары т.т. жаңа құрылымдарды қалыптастырды.

Демократиялық даму - Қазақстанның өрелі, ерікті таңдауы. Демократиялық өзгерістер бір күнде, бір сәтте жүзеге асырылатын, жылдам нәтиже беретін үдерістер емес. Осы орайда, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Демократияны жариялап қана қоймай, оны жан-дүниемен сезіну, бастан өткеру керек. Демократия – бұл жолдың басы емес, оның діптеген мақсаты» [1] - деуі бұл үдерістің күрделілігін айқындай түседі.

Артта қалған жылдар ішінде кешенді зерттеу мен талдауды талап ететін саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени салаларда көшелі өзгерістер болғаны

мәлім. Тәуелсіздігімізді алған сәттен ескі жүйенің орнына жаңа саяси-экономикалық құндылықтарды қалыптастыру, ұлттық дәстүрді жаңғырту сияқты күрделі үдерістерді бастан өткердік.

Кіріспе

Күрделі де көпқырлы мәселенің бірі – еліміздегі президенттік институттың қалыптасуы. 1990 жылы 24 сәуірде Қазақ КСР-нің XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Қазақ КСР-де Президент қызметін тағайындау туралы қабылданған тарихи шешімнің арқасында Қазақстанда президент институтының негізі қаланып, мемлекеттілігіміздің дамуындағы жаңа бір кезең басталды. Бұл қадам біздің демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттарды қабылдауға ашық екенімізді білдірді. Бірақ президент институты кеңестік саяси жүйеде бұрын-соңды болмағандықтан, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі орнын анықтау барысында көптеген қиыншылықтарды еңсеруге тура келді. Олардың қатарында, атап айтқанда, президенттік институтты ендіру мемлекеттік басқарудағы түбегейлі өзгерістерге бірден әкеле қоймағаны, оның басқа билік тармақтарымен қарым-қатынасын реттейтін механизмнің болмауы сияқты мәселелер тұрды. Әрі оның заңдық-құқықтық негіздері де әлсіз болды. 70 жылдан астам үстемдік құрып, темір торлы құрсауда болған кеңестік саяси жүйенің мемлекеттік билік құрылымдарын қозғалысқа әкеліп жаңа жағдайда жұмыс жасату оңай шаруа болған жоқ. Оның үстіне қайта құру дәуірінде қоғамның билікпен байланысында белгілі дәрежеде рөл атқарып, халықтың арасында бедел жинап үлгірген Жоғарғы Кеңес өз еркімен биліктік өкілеттіктерінен бас тартқысы келмеді. Осы уақыттағы Президент пен Парламент қарым-қатынасына Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай баға береді: «Парламенттегілер ескірген идеологиялық әдістер мен стереотиптерді бұрынғы екпінмен қолдай отырып, біздің мемлекет пен қоғамды реформаландыру бағытындағы барлық әрекеттерімізге тұсау салды» [2, 61 б.].

Осы билік тармақтары арасындағы қарама-қайшылықтар мен теке-тірестерді 1995 жылы 28 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы шешті. Сөйтіп, жаңа Конституция президент институтына жетекші роль берілетін мемлекеттік құрылысты бекітті. Әрине президенттің жаңа мәртебесі мен оның өкілеттік ауқымының кеңдігі отандық ғалымдармен, саяси қайраткерлермен әр қалай бағаланып, сыналды да. Дегенмен, мұндай қадамның өтпелі кезең талабынан туындағанын уақыттың өзі дәлелдеді.

1995 жылдан бастап Президент пен Парламент қарым-қатынасы түбірімен өзгеріп, тіптен жаңа сападағы қарым-қатынас орныға бастады. Әрине, бұл қарым-қатынастарды реттеуде заңдық-құқықтық негіздер маңызды рөл атқарды. Президент пен Парламент қарым-қатынасына ықпал еткен факторлар қатарында, бірінші кезекте, екі палаталы, тұрақты негізде қызмет ететін кәсіби Парламенттің құрылуы; екіншіден, Парламент құрамындағы депутаттар

санының 154 депутатқа дейін көбейіп, жоғарғы палата - Сенатқа 15 депутатты Президенттің тағайындауы; үшіншіден, Мәжіліске сайлау принципін өзгеруі және партиялық тізім негізінде сайланатын депутаттар санының 10-нан 98-ге дейін көбеюі. Мінеки, осы өзгерістер Президент пен Парламенттің одақтастар ретінде қызмет жасауына септесті.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

2007 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен түзетулер Президент пен Парламент қарым-қатынасына маңызды жаңалықтар алып келді. Президент өкілеттіктерінің кейбірі Парламент құзырына көшті. Бірақ Президент пен Парламенттің келісіп қызмет ету негіздері кеңейтілмесе, шайқалған жоқ. 2017 жылғы Конституциялық реформа мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлді. Конституциялық реформаға сәйкес, сыртқы істер, ішкі істер және қорғаныс министрлерін президент бұрынғыдай өзі тағайындайды. Министрлер лауазымына кандидаттарды президентке премьер-министр ұсынады. Жаңа өзгерістерге сәйкес, президент құзырындағы министрлер кабинетін жасақтау және олардың жұмыстарын қадағалау жұмыстары парламентке берілді. Осылайша, Үкіметтің де, парламенттің де жауапкершілігі арта түсті. Бүгінде Президенттік институт еліміздегі демократиялық өзгерістерді жүзеге асырудың іргелі негізі.

Келесі бір іргелі мәселе - демократиялық құндылықтар мен демократиялық саяси институттар мәселесі. Қазіргі заманғы демократиялық қоғам мен саяси жүйені дамыған партиялық құрылымсыз көз алдымызға елестету қиын. Демократиялық режим жағдайында азаматтар, әлеуметтік топтар мен қоғам мүдделерін шынайы саяси үдеріске партиялар айналдыра алады. Осы мүдделерді білдіру тұрғысынан алғанда саяси партиялар азаматтық қоғамның басты тірегі.

Егемендіктің 30-шы жылына қадам басқан уақытта Қазақстанның партиялық жүйесі де түбегейлі өзгерді. Кеңестік дәуірде үстемдік еткен бірпартиялық жүйенің орнына бірте-бірте көппартиялық жүйе орнықты. Саяси саналуандылықтың арқасында, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай, жүздеген партиялар мен қоғамдық қозғалыстар дүниеге келді. XX ғасырдың 90 жылдарында партиялар мен қоғамдық қозғалыстар коммунистік партияға қарсы, балама ұйымдар ретінде қалыптасты. Партиялық жүйедегі өзгерістерге 1991 жылы қабылданған, ҚазССР Жоғарғы Кеңесі мазмұны одақтас заңмен мазмұндас «ҚазССР қоғамдық ұйымдар туралы» заңның, 1996 жылы және 2002 жылы қабылданған «Саяси партиялар туралы» заңның ықпал еткені сөзсіз. Әсіресе, саяси партияларды құру, тіркеуден өткізу талаптарының өзгеруі партиялар санының бірде көбейіп, бірде азаюына алып келді. 2007 жылы жүзеге асырылған саяси реформа партиялар қызметіне тікелей әсер етті. Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес Парламент Мәжілісін

қалыптастырудың жаңа тәртібі енгізіліп, ол партиялық негізде қалыптасатын болды.

Осы талаптарға сәйкес өткен 2007 жылғы парламенттік сайлауда Парламент Мәжілісіне бір ғана партия өте алды. Осыған орай, Саяси партиялар туралы заңға 2009 жылы 6 ақпанда заңды либералдандыру мақсатында түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Бірақ бұл өзгерістер партиялық алаңдағы саяси күштердің санына да, сапасына да аса әсер ете алған жоқ.

Нәтижелері

Бұған дәлел 2011 жылы 3 сәуірде кезектен тыс өткен президенттік сайлау. Өкінішке орай, президенттік сайлау партиялар қызметін жандандыра алмады. Тіптен бұған дейінгі қалыптасқан (1999 ж., 2004 ж., 2005 жж.) сайлау науқанында партиялардың бой көрсету дәстүрі де байқалмады. Дегенмен, Заңның жүзеге асуы келесі 2012 жылғы және 2016, 2021 жылдардағы Парламент Мәжілісіне сайлаудан көрініс тапты. Сайлау нәтижесінде үш саяси партия жеңіске жетіп, Мәжіліс құрамына өзгеріс әкелді. Жалпы саяси партиялар белсенділігі қоғам дамуындағы баламалылыққа, саналуандылыққа жол салатыны белгілі. Сондықтан билік пен қоғам арасындағы байланыстырушы құрылым ретінде еліміздегі партиялардың дамуы демократия жолындағы қажеттілік.

Қазақстан азаматтары демократиялық институттардың басты элементі ретінде сайлауда дауыс беруге қатысу, сайлану құқы арқылы еліміздің тағдырына тікелей араласуда. Себебі, сайлау барысы мен нәтижелері мемлекет дамуының сипатын, ертеңін анықтайтыны сөзсіз.

Дамыған демократиялық мемлекеттер негізін жеке тұлғаның негізгі құқықтары мен еркіндіктері заңдық тұрғыдан қамтамасыз етіліп, саяси қорғалатын азаматтық қоғам құрайтыны белгілі. Азаматтық бастамашылдық қоғам игілігіне қатысты саналы және белсенді қызмет ретінде азаматтық қоғамды дамытудың маңызды сипаттарының бірі. Сондықтан мұраты демократиялық мемлекет құру болып табылатын Қазақстанға осы азаматтық қоғам негізін қалыптастыру өте маңызды. Біздің елімізде де азаматтық қоғамды қалыптастыру үрдісі үшінші сектордың дамуымен тығыз байланысты. Үшінші секторды өздерінің коммерциялық емес мақсаттарын мүдделік топтар, одақтарға т.б. бірігу арқылы жүзеге асыруға ұмтылатын ерікті индивидтер бірлестігі құрайды. Қазақстандық тәуелсіз қоғамдық ұйымдар шетелдік донорлар арқасында үкіметтік емес ұйымдар деген атауға ие болды. Бастапқы кезде үкіметтік емес ұйымдардың халықаралық қаржыландырылу көздеріне байланысты халық арасында беделі жоғары болған жоқ. Тіптен халық арасында үкіметтік емес ұйымдар халықаралық және шетелдік донорлардың қаражаттарын тарту үшін, өздерінің жеке мүдделерін шешу үшін ашылады деген пікір басым еді. Бірақ Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымының, одан кейін бағдарламаның қабылдануы олардың қызметін жандандырды. Оған дәлел - 2001 жылы ресми

тіркелген ҮЕҰ саны 1767 құраса[4, 26-б.], бүгінгі күні Қазақстанда 22 000 астам үкіметтік емес ұйымдар қызмет етуде [5]. Өкінішке орай, үкіметтік емес ұйымдар негізінен қалалық жерлерде қызмет жасап, ауылдық жерлер назардан тыс қалуда. Біздің ойымызша, басты назар ауылдық жерлерге бөлінуі керек. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелері жылдан-жылға көбеймесе, азаяр емес. Дегенмен, үкіметтік емес ұйымдар еліміздегі демократияны дамыту жолында азаматтық бастамашылдықты дамыту арқылы үлес қосуда.

Талқылау

Демократиялық қоғам құруда, демократиялық құндылықтарды қалыптастыруда, оны кеңінен таратуда ақпараттың, бұқаралық ақпарат құралдарының орны зор. Шамасы «Мәліметі мол адам - жер-жаһанның иесі», - деп бекерден-бекер айтылмаса керек. Ақпарат адамдар санасына, азаматтық позициясын анықтауға, азаматтық және саяси белсенділігіне, өмір сүруіне, тұрмысы мен демалысына шешуші тұрғыдан ықпал етеді. Қазақстандағы ақпаратты таратуды демократияландырудың бір белгісі мемлекеттік, мемлекеттік емес, қоғамдық бұқаралық ақпарат құралдарының қатар өмір сүруі.

Ақпараттық кеңістіктегі сандық өзгерістер сапалық жетістіктермен қатар жүруде. Соның бір көрінісі - мемлекеттік емес, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының халық алдына таңдау мүмкіндігін беруі. Таңдау мүмкіндігі саяси үдерістерге тек біржақты көзқарасты, біржақты пікірді берумен шектелмей, балама пікірді де қатар беріп отыру арқылы жүзеге асырылуда. Мұндай балама пікірлерді беру арқылы ақпаратты жеткізу халыққа ой-түрткі де бола алады.

Тағы бір үлкен мәселе – азаматтардың сөз еркіндігі мен ақпарат алу құқына байланысты. Конституция бойынша Қазақстанның әрбір азаматы сөз еркіндігі мен ақпарат ала алу құқығына ие. Сөз еркіндігі кез-келген демократиялық қоғам негізі болып табылатындығы белгілі. Әрі еркін ойлайтын, шығармашылық адамның дамуының алғы шарты. Сөз еркіндігі тек оң қабылданатын ақпаратқа, мәліметке байланысты ғана емес, сонымен бірге билікті қобалжытатын ақпараттарға да қатысты болуы тиіс. Мінеки, осы міндетті жүзеге асыру бұқаралық ақпарат құралдарының еншісінде. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында халықты толғандырып жүрген өзекті мәселелер бойынша ашық пікір таластар, пікір-сайыстар ұйымдастыру кеңінен тарап отыр. Мысалы, «Қазақстан» телеарнасындағы - «Алаң», КТК телеарнасындағы - «Астарлы ақиқат» хабарлары өзекті мәселелер бойынша сан-алуан пікірлерді ашық талқылау арқылы халыққа ой-түрткі бола алды. Бірақ еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарындағы ақпарат сапасы мен шынайылығы көңіл толарлық деп айту қиын. Себебі, саяси ақпарат пен жаңалықтарды таратуда әлі күнге дейін біржақты, сыңар ақпарат беру үстемдік етіп отыр. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары тек кіріс көзіне айналмай, жеке, әрі тәуелсіз қоғамдық институт ретінде қалыптасуы қажет. Тек сонда ғана ақпаратты таратудағы бостандық туралы айта аламыз. Айта кеткен жөн, соңғы уақытта әлеуметтік желілер де ақпаратты таратуда кеңінен қолданылуда.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және бүкіл өмір бойы Қазақ хандығының егемендігін сақтауға тырысқан ұлы хан Абылайдың туғанына 310 жыл. Оның өмірден озуымен ел тарихында тағы бір кезең - Қазақстанды Ресей империясының әкімшілік-саяси жүйесіне қосу басталды. Алдымен жанама түрде және ХІХ ғасырдың 20-жылдарының басынан бастап қазақтың дәстүрлі саяси ұйымына тікелей әкімшілік араласу арқылы.

Еліміздің мектептерінде Қазақстан тарихы мен Дүниежүзі тарихын оқып-үйренудің мемлекеттік маңызы зор, өйткені дәл осы пәндер мен факультативтер, клуб жұмысы арқылы Қазақстан Республикасының жас азаматтарына патриоттық тәрбие беру, түсіндіру және «Рухани Жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының саясатын насихаттау Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қазақстан тәуелсіздігін алған 30 жыл көлемінде ұлттық жаңғыру жолын басты мұрат ретінде таңдап алған. Біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз, ұлтсыз мемлекет болмайтынын ұмытпауымыз керек, сондықтан елінің ертеңі үшін күресер, санасы азат ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгінің міндеті. Бүгінгі ең басты талап, Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту, ұлттық мүддені биік қою - ол егемендікті мәңгі сақтап қалу, бүкіл қоғамдық сана тәрбиесіне жауапты органдар мен азаматтардың биік парызы болуға тиіс.

Қорытынды

Алдымызда оңай жылдар тұрған жоқ. Осындай уақытта біз тек бірліктің арқасында ғана жеңіске жете аламыз. Қазіргі заман, ХХІ ғасыр адамдарға жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді, себебі Қазақстанның даму деңгейі қоғам өмірінің барлық саласына терең өзгерістер енгізуде. Елеулі өзгерістердің бірі - демократиялық-құқықтық мемлекет құру. Сол себептен қазіргі заман адамы сана-сезімі жоғары, өз іс-әрекетіне жауапты, әлеуметтік өзгерістерге тез бейімделе алатын, өз шешімін қабылдай алатын азамат болуы тиіс. Қоғам үшін ең қымбат қазына – ол адам, адамның бостандығы мен өмірі. Бүгінгі жастар осы қымбат қазынаны бағалай білуі тиіс.

Ұлтымыздың негізгі байлығы, капиталы, біздің келешегіміз – ол қазақ жастары. Ұлттық капиталдың ішінде адам капиталының үлесін, яғни адамдардың білімі мен сапасының деңгейін көтеру мемлекеттің негізгі ұстанымы болуы тиіс. Біз Батыс, Жапон, АҚШ елдерінің деңгейіне жеткенде ғана қоғамның тұрақты дамуы жолына түсеміз. Қоғамды дамытатын негізгі күш – орташа класты құрайтын ғалымдар мен инженерлерді, экономистер мен іскерлерді қалыптастыру ендігі жерде мемлекеттің басты бағдарына айналуы керек. Алда үлкен және жауапкершілікті жұмыс күтіп тұрғанын, оны лайықты атқару үшін барша қазақстандық әрдайым ұйымшыл болуы керектігін жастарымыз ұмытпауы тиіс.

Осы уақыт аралығында қол жеткізген жетістіктеріміздің ең бастысы қоғамның барлық саласына, яғни саяси саламен қатар экономикаға да, мәдениет саласына да сан-алуандылықтың енуі. Жоспарлы экономика тұсында мемлекет

камқорлығына сеніп, болашақтан кам жемей өмір сүрген халқымыз үшін көптеген қиындықтар әкелгеніне қарамастан нарықтық экономикаға көшу нәтижелі болды.

Қорытындылар болсақ, қол жеткізген жетістіктерімізбен қатар әттеген-ай дейтін тұстарымыз да баршылық. Мәселен, шынайы саяси бәсекелестіктің болмауы, барлық деңгейде бірдей заңның орындалмауы, т.с.с. Бірақ мұратымыз демократиялық, құқықтық мемлекет құру болғандықтан «Заң алдында барлығы да тең» қағидатымен өмір сүруіміз керек. Билік сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де «халық үніне құлақ асатын мемлекетке айналуы тиіс».

ӘДЕБИЕТ

[1] Назарбаев Н. Демократию нельзя объявить, ее можно лишь выстрадать // www.akorda.kz

[2] Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы: Өнер, 1996. - 272 б.

[3] Нұрымбетова Г.Р. Қазақстан халқының саяси қатысуы: сипаты мен жолдары. – Алматы, 2005.

[4] Қазақстанның бейүкіметтік ұйымдары: кеше, бүгін, ертең. БҰҰ Даму бағдарламасының тапсырысы бойынша басылған. - Алматы, 2002. - 77 б.

[5] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». – 2020. – № 4 (42).

REFERENCES

[1] Nazarbaev N. Demokratiu nelzä obävit, ee mojno liş vystradät (Democracy cannot be declared, it can only be suffered)// www.akorda.kz

[2] Nazarbaev N.Ä. Ğasyrlar toğsynda. (At the turn of the century) - Almaty: Öner, 1996. – p. 272.

[3] Nūrymbetova G.R. Qazaqstan halqynyñ saiası qatysuy: sipaty men joldary (Political participation of the people of Kazakhstan: character and ways). – Almaty, 2005.

[4] Qazaqstannyñ beiükimettik üiymdary: keşe, bugün, erteñ. BÜÜ Damu bağdarlamasyның tapsyrısy boıynşa basylğan. (Non-governmental organizations of Kazakhstan: yesterday, today, tomorrow. Published by order of the United Nations Development Program) Almaty, 2002., p.77

[5] Dauletova G.O., Baissultanova K.Sh. International cooperation of Kazakhstan and China in the field of education in the framework of "One belt - one way" in online mode // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Международные Отношения и Регионоведение». – 2020, No. 4 (42).

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА

*Таттибек Н.М.¹

¹старший преподаватель КазНМУ имени С.Асфендиярова, магистр

гуманитарных наук,

Алматы, Казахстан, nurgul_t@mail.ru

Аннотация. В статье проанализированы значение и значение формирования исторического сознания, влияние исторического познания на патриотическое, националистическое воспитание молодежи. Необходимо углубленное изучение истории Казахстана, формирование нового исторического сознания в сознании молодого поколения,

которое является основой культурной преемственности поколений и идентичности Национального гражданина. Вклад западноевропейских ученых и теоретиков в мировую историческую науку огромен. Их теории оказали огромное влияние на развитие отечественной истории, изданы несколько книг и кинофильмов об отечественной истории и великих личностях. Изучены вопросы усвоения подрастающим поколением основных понятий истории путем написания казахскоязычной исторической литературы в доступной и понятной для студентов форме.

В статье также подчеркивается государственная важность изучения истории Казахстана и всемирной истории в школах страны, говорится, что Первый Президент Республики Казахстан избрал путь национального возрождения в качестве главной цели на 30-летие казахстанского развития. независимость.

Ключевые слова: молодежная политика, историческое сознание, историческая эрудиция, национализм.

FOREIGN POLICY OF KAZAKHSTAN

* Tattibek N.M.¹,

¹Master of Human Sciences, senior lecturer of S.Asfendiyarov KazNMU
Almaty, Kazakhstan, nurgul_t@mail.ru

Abstract. The article analyzes the importance and significance of the formation of historical consciousness, the influence of historical knowledge on the education of young people in patriotism. It is necessary to study the history of Kazakhstan in depth, to form a new historical consciousness in the consciousness of the younger generation, which is the basis of the cultural continuity of generations and the identity of the citizen of the country. The contribution of Western European scientists and theorists to the world historical science is enormous. Their theories had a great influence on the development of Russian history, published a number of books and films about Russian history and great personalities. The issues of mastering the basic concepts of history to the younger generation are studied by writing historical literature in the Kazakh language in an accessible and understandable way for students.

The article also highlights the state importance of studying the history of Kazakhstan and world history in schools of the country. It is said that the First President of the Republic of Kazakhstan has chosen the path of national revival as the main goal for 30 years of Kazakhstan's independence.

Keywords: youth politics, historical consciousness, historical erudition, patriotism.

Статья поступила 10.09.2021